

жаңа мүмкіндіктерін қолдану арқылы кеңейтеді. Ол шет тілінің оқу ортасын кеңейтіп, оны компьютерлік бағдарламаның және тіпті компьютерлік желілердің шегінен тыс қамтамасыз етеді. Ұсынылған мобильді технологияларды қолдану барысында алынған тәжірибе мобильді қосымшаларды білім беруде қолдану қазіргі заманғы білім беру тәжірибесінде жүзеге асырылуы мүмкін болатындығын және тиімділігін көрсетті. Сонымен қатар, мобильдік ақпараттық технологияларды қолдану арқылы шет тілін, атап айтқанда, ағылшын тілін меңгеру тәуелсіз және ойын іс-әрекеттері түрінде жүзеге асырылады, бұл өз кезегінде ағылшын тілін сәтті дамытуға ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Дедова О.В. О языке Интернета / О.В. Дедова // Вестник МГУ. Сер. 9. Филология. – 2010. – №3. – С. 25–38.
2. Beatty K. Mobile language learning: the world in our hands // Anaheim University, USA. – 2015 – №17
3. Frank V.M., Freynik S., Richardson D.L. Technologies for foreign language learning: a review of technology types and their effectiveness // Center for Advanced Study of Language, University of Maryland, College Park, MD. – 2014. – №1. – Т. 27 [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <https://www.learntechlib.org/p/153571>
4. LearnEnglish Podcasts. – 2016 [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <https://play.google.com/store/apps/details?id=hk.hkbc.epodcast>
5. Duolingo: Учи языки бесплатно. 2016 [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <https://play.google.com/store/apps/details?id=com.duolingo&hl=ru>
6. Memrise – изучение языков. – 2016 [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <https://play.google.com/>
7. Grammar Up. – 2016 [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <https://play.google.com/store/apps/details?id=com.eknathkadam.grammarup&hl=ru>
8. LangBook = Офлайн словари + Онлайн переводчик + Изучение языков + Разговорник. – 2016 [Электронный ресурс]. – Кіру режимі: <https://itunes.apple.com/ru/app/langbook-oflajn-slovari-/id357766149?mt=9>
9. Английский с Lingualeo. – 2016 [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <https://play.google.com/store/apps/details?id=com.lingualeo.android&hl=ru>

Серикбол Н., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің дене мәдениеті және спорт факультеті, ДМЖС-31 тобы, студент
(*Ғылыми жетекшілер- п.ғ.к., профессор Бәжиг Ж., аға оқытушы Ануар С.*)

РУХАНИ ЖАНҒЫРУДЫҢ АЙШЫҒЫ — ҚҰСБЕГІЛІК ӨНЕРІМІЗДІҢ ТҮЛЕУІ

Құсбегілік — қазақ ұлтының қанына сіңген көне дәстүр. Көшпенділер өмірінен берік орын алған үлкен өнер. Оның тәлім-тәрбиесі атадан балаға қастерлі қалпымен жарасымды жалғасқан және жалғасып та келеді. Адамзат тарихындағы елеулі жаңалықтардың бірі де дәл осы құсбегілік өнер. Басқа басқа өнердің бұл түрі қазаққа етене жақын болғандықтан құсбегілік өнер біздің ұлтымыздың ерекшелігін айқындай, болмысын айшықтайтындай. Оған дәлел ретінде әлемдегі бірде бір елдің мемлекеттік рәміздерінде кездеспейтін қыран бүркіттің тек Қазақстанның ғана туында көрініс тапқандығын айтуға болады. Одан бөлек жыл сайын елімізде бүркітшілер сайысы өткізіліп, түрлі игі шаралар да өткізіліп тұрады. Бүркітті баулып, онымен аң аулау кәсібі, саятшылық өнердің бір түрі болып саналады. Бұл кәсіппен ертеде көбіне көшпелі түркі тілдес халықтар мен арабтар айналысқан.

Бүркітті қолға түсірудің бірнеше тәсілі бар. Бірінші жолы ұядан алу болса, екінші жолы жаба тоқу арқылы, ал үшінші тәсіл бүркіт тойатпағанда, яғни бүркіт жемтікке қатты тойып алып, ұша алмай қалған кезінде қуып жүріп, шаршағанда ұстап алу.

Құсбегілік бүркіт, ителгі, қаршыға, қырғи, тұйғын, тұрымтай, сұңқар, лашын, жағалтай сияқты жыртқыш құстарды қолға үйретіп, аңға, құсқа салатын саятшылық өнер. Құсбегілік қазақ, қырғыз халықтарында ежелден келе жатқан үлкен өнер ретінде саналады. Қазақ халқының арасында бұл өнердің тамаша шеберлері кең дәріптеледі. Мәселен, «Аспанда жүрсем қанатым талады, жерге қонсам жалайыр Шора алады», «Тінейдегі қасиет — ұялас екен сарқұспен, Шорадағы қасиет — тілдес екен бар құспен», — деген сөз-дер бар[1].

Құсбегілер қыран құсты тор құрып ұстайды немесе қарақанат балапан кезінде ұядан алады. Оның аяғына балақбау мен шыжым тағып, көзіне томаға кигізеді. Құсты әуелде шыжыммен ұшырып, қайыруы жеткен соң семіртіп түлетеді. Бұдан кейін құсты ақжеммен асырап, бос керілген арқанға қонақтатып, ұйқысын алып арытады. Жеңіл ұшып, жеңіл қонатын күйге келгенде аңға салады.

Көшпелі өмір салтын бастан кешірген қазақ халқы табиғатпен мейілінше етене болған. Көшпелілер табиғатты өз өмірлерінің бөлінбес сыңарына балап, табиғат тылсымын неғұрлым

тереңірек таныса, өмірдің солғұрлым мәнді де қызықты болатынын жақсы түсінген. Табиғат аясындағы таным-тәжірибесі тек қана күнкөріс тіршілігіне негіз болып қоймай, сонымен бірге уақытты мәнді, көңілді өткізудің жолы ретінде де кеңінен пайдаланылған. Солардың бір көрінісі аңшылық-саятшылыққа байланысты. Аңшылық-саятшылық әскери жаттығудың, шынығып-шыңдалудың тамаша үлгісі болған. Құсбегілік әсем табиғат аясындағы көңілді, әсерлі қызығы мол демалыс болып табылады. Ел ішіндегі ит жүгіртіп, құс салған, қақпан-тұзақ құрып, тор жайған жалғыз-жарым аңшылықты айтпағанда, көшпелілер арасында бүкіл ру-тайпа болып қатарыла көтерілетін, сөйтіп байтақ өңірді қаумаласа сүзетін аңшылық дәстүрлері болған. Мұндай жойқын аңшылықтың із-сорабы, белгі-айғағы ретінде Қазақстандағы Үстірт үстіндегі "құпия сызық" деп жүрген әйгілі қалта ауыз ұра қазбалары, кезінде Шоқан Уәлиханов таңдана жазған, күні бүгінге дейін ізі сайрап жатқан Іле өзені мен Тарбағатай арасындағы ұраны айтуға болады[2].

Сонау ерте заманнан-ақ қазақ халқы табиғатпен етене қойындас болғандықтан аң-құстың қасиетін айыруға жүйрік болған. Ғасырлар бойы жинақтаған мол тәжірибесін, әсіресе, кейінгі ұрпаққа үйретуге айырықша мән берген. Қазақ аңшылары өздерінің таным-тәжірибесінің арқасында аңшылық-саятшылық үшін жүйрік ат, қыран құс, құмай тазы сияқты жан-жануардың тілін таба баптап, қалауына көндіре алған. Осылардың ішінде қыран құстарды баптаудың ғасырлар бойы жинақталған мол тәжірибесі шын мәнісінде әрі өнер, әрі терең біліктілік.

М.Жақанов Тарихи деректерге қарағанда, құсбегілік өнері бұдан үш мың жыл бұрын пайда болған[3].

Орта ғасырлардағы италян саяхатшысы Марко Полоның жазбаларында Құбылай ханның саятшылық мақсатта қолға үйреткен 500 ақ-сұңқары және басқа да қыран құстары болғандығын және оларды баптап, күтуге, арнайы 10 мың құсбегі ұстағанын жазады[4].

Орта ғасырларда Орталық Азия мен Қазақстан, Қырым, Еділ бойын билеген патшалар мен хандар да өз сарайларында арнайы құсбегілер ұстаған. Олар сарай қызметкерлерінің құрметтісі саналған. Сондықтан да хан сарайындағы құсбегілік қызметке тек ақсүйектер, бектер, әмірлер тағайындалған. Кейбір тарихи деректерде Шыңғысханның ұлы Жошының 3 мың бүркітші ұстағаны туралы жазылады[5].

Аушы құсты қолға ұстап білу, үйрету, баулып аңға салу көлденең өткен көк аттыға жолыға бермейтін, әркімнің пешенесіне жазылмайтын қадірлі де, қасиетті құбылыс болса керек. Түз құсын қолға түсіру әдістері: аумен ұстау, тор жаю, қарға орану, тояттатып алып тұтқиылдан басып қалу, шеңгелдестіру, ұядан алу. Аумен ұстау үшін шарық жіптен тоқылған ауды елсіз иен жерге құрады. Ол үшін бес-алты талды жерге әлсіздеу қадап, тормен қоршайды да, ау ортасына мықтап қазық қағады. Қазыққа тірі түлкі немесе қоян, кейде бір-екі тауық байлайды. Қиядан көріп, құдия түскен бүркіт төбесі ашық тордан еш уақытта тік көтеріліп ұшпайды. Жүгіре көтеріліп ұшамын дегенше торға оралады. Тор жаю әдісі көбіне қыс айларында қар түскен соң пайдаланылады. Ол үшін қар түстес ақ шаңқан торды қар үстіне бір метрге жуық биіктікте кере құрады да, астына тірі түлкі немесе қоян байлайды. Бұған сорғалап түскен қыран аяғын торға шалып алады. Солкылдақ тор бүркіттің аяқ тіреп, серпіле ұшуына кедергі жасайды. Қарға орану әдісі қар бекіген соң ғана қолданылады. Ол үшін екі адам бүркіттің аңға түскен сәтін аңдып жүріп, ұшырып жібереді де, біреуі қарға көміліп, жемді төбесіне қойып жатады. Суық сорып, аш өзек болып жүрген бүркіт кешікпей жемге оралғанда, қар астындағы жасырынған адам оны ұстап алады. Тояттатып ұстау үшін түз тағысының аңға түскен немесе жемтікке қонған сәтін аңду керек. Сол сәтте ұшқыр атқа мініп, әбден мелдектеп тойған бүркітке ең ұрымтал деген иек артпадан тұтқиылда қосылып береді. Күн желтең болса жел жағынан шықса, тойған құс ыққа қарай жүгіргенде бетегесімен жер соғып, көтеріліп кете алмайды. Сол кезде ұшқыр атпен төніп келіп құс үстіне шапан сияқты киіммен жаба салу керек.

Шеңгелдестіру үшін қол құсын, қолға үйреткен бүркітті түз қыранына салады. Ол үшін қол құсының балақ бауына түлкінің жон терісін, немесе бір санын қызарта байлап қоя береді. Әрине түз құсының бойын көріп барып жіберу керек. Сонда қол құсы өз тектесімен парлап ұшуды аңсап көтерілсе, түз құсы оның аяғындағы жемге құдияды. Мұндай жағдайда қос бүркіт сөз жоқ шеңгелдесіп жерге түседі. Ұядан алу үшін аңшының көп еңбегі, әдісқойлығы, ептілігі қажет. Ол үшін мекен-жайын, қонатын мезгілін әбден бақылап алып, тор, тұзақ, шаппасына кигіз салған қақпан, тағы да басқа әдістер арқылы қолға түсіреді. Түз құсын баптау тәсілдері: Түзден ұстаған құсты үйрететін адамды құсбегі деп атайды. Құсбегі құсты балапан кезінен бастап баулиды. Құсбегілердің айтуынша, бүркіттің салмағы географиялық шығу тегіне байланысты болады. Алтай таулары, Ұлытау, Алатаудың құсы, тау құсы, ой құсы, қыр құсы деп табиғи жерге байланысты бүркіттің дене тұрқы да соған есептеліп бейімделеді. Үлкен таулардың бүркіттері алып болады екен. Мәселен, аталық

бүркіттің салмағы 3-4 келі болса, аналығы 6-7 келі шамасында. Негізінен құсбегілер қолға аналық бүркітті түсіруге тырысатын көрінеді. Түз құсын қолға түсісімен томаға кигізбей үйретуге болмайды.

Томаға кигізген соң да екі-үш күн ұйықтамай қарсылық көрсететін қикарлығы болады. Ондайда ырғаққа (тербемелі эткеншек етіп байланған жұмыр ағаш) отырғызып тербетіп, ұйықтатпайды, яғни екі күн болсын, үш күн болсын құс қарсылығын қойғанша қажымай бірге болған абзал. Қолға түскен құсты бірінші күнен-ақ барлық баптау барысындағы қимыл -әрекетте және түн ортасында тұрып сылап-сипайды. Құстың иесіне әбден бауыр басуы үшін мұндай ықылас қажет-ақ.

Жем жеуге үйрету: Құс алғашында жемге өздігінен ұмтылмайды. Сондықтан бір жапырақ етке қант бүркіп, аузына салып жібрген абзал. Сөйтіп қолдан жем жеуге үйреткен соң, алыста тұрып шақырып, құсты өздігінен келіп жем жеуге баулиды. Оған үйренген шақта ат үстінде тұрып жем көрсетіп, шақырып, қолына келіп қонуды үйретеді. Мұның бәрі құстың атқа да, адамға да үйірек болуына әрі шынығуына бірден-бір себеп. Құсбегілік халқымыздың қанына туа біткен өнер.

Сондықтан да дәстүрлі қазақ қоғамында тәңірден берген ерекше бұл сыйды басқа құсты қызылға отырғызу немесе түлету дегеніміз құсбегілер қолындағы құсын аңға салуға мамыр, маусым айларынан бастап баптайды. Алдымен қансоқты, қызыл сияқты маңызды жем беріп, түлету үшін семіртеді. Бұл кезді қызылға отырғызу немесе түлету деп атайды. Құс түлегі бапты болса, аз күнде-ақ бой жүні сүзіліп, салаланып сала береді. Ал түлек бапсыз болса, жемі қуатсыз немесе маңызсыз болса құстың бой жүні жымдаспай қобырап, қауырсындары бунақталып дұрыс жетілмейді. Қазақ құсбегілерінің қолындағы құсты тиісті бап, күйіне қарай ашықтыруы, қоялатуы (құстыру), шаятыны (ішін жүргізу) болады. Қоялату үшін бармақтай ақ киізді әбден жуып тазартып, майға орап қылғыттырып жіберсе аздан соң құсып, ішіндегі бар қоясы құсықпен бірге түседі. Ішін шайып ашықтыру үшін тырна жілігінен жасалған түтіктен бір-екі рет қызыл шай жұтқызады. Құсты сыйға сыйлау, сатуға онша құлықтылық танытпауы былай тұрсын, құсбегіліктің қыры мен сырын бөгдеге үйрете бермейді.

Отбасылық әулеттік сипаттағы бұл өнерді өз ұрпағына аманаттап үйретіп, құсбегілікте қолданған құрал-жабдықтарымен қоса үйреткен құпия қыр-сырын «мұрагерлікке» қалдыратын, кие тұтатын өнер. Тарих үшін асыл қызана – өткен күннен сөйлейтін жәдігерлер. Ұрпақтар жалғастығы осы болар. Қазақтың құсбегілік өнері жанашыр жандардың арқасында өшпейді. Қазақстанды жақсы жағынан таныту. Тағы бір айта кететін жайт, қазақтың санасының жаңғыруына әсер ететін ол – құсбегілік өнері. Атқа мінген қазақтың рухы қалай көтерілсе, қолына құс қондырған қазақтың рухы да солай аспандайды. Біз қыран тектес халықпыз. Туымызда да қыран құстың бейнеленгені тектен тек емес. Бұлар қызыл кітапқа енген құстар. Біз оны қамқорлыққа алуымыз керек!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ә.Қастеев. Қазақ өнерінің тарихы. Табын, 1945ж
2. Ералы Оспанұлы. Қазақ салт дәстүрлері, 2015ж
3. М.Жақанов. Қазақ аңыздары. 2018
4. Интернет <<Google>> Түз құсын баптау тәсілдері, 2017ж
5. Яндекс сайттары. Тарихи сипаттама. 2010ж

Синенко А.С., Карагандинский государственный университет имени академика Е.А. Букетова, факультет философии и психологии, гр. Пс-32, студентка
(*Научный руководитель - магистр социальных наук по специальности "Психология", старший преподаватель кафедры психологии Лазарева Е.А.*)

ИССЛЕДОВАНИЕ ЭМПАТИИ И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ВЫГОРАНИЯ У ВРАЧЕЙ

Врачи осуществляют свою деятельность в системе «человек-человек». Для профессий данного типа важной профессиональной задачей является эффективное взаимодействие с другими людьми, в данном случае с пациентами. Ее успешное осуществление зависит от ряда профессионально-значимых и личных качеств врача. К их числу можно отнести коммуникабельность, отзывчивость, доброжелательность, выдержанность, стрессоустойчивость, а также способность к эмпатии [1, с. 186-187].

В современных условиях труд врача осложняется рядом обстоятельств. Так, на Международной конференции "Социальная политика и занятость в ЕАЭС", которая состоялась в Астане 30 марта 2017 года, казахстанские эксперты отметили увеличение потоков трудовой и учебной миграции из